

**БЕКІТІЛДІ**

**Жалғыз акционер «Павлодар**

**әуежайы» АҚ шешімімен**

**2012 жылғы «13» қыркүйек  
(№ 37/12 бұйрығы)**

**«ПАВЛОДАР ӘУЕЖАЙЫ»**

**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ**

**ЖАРҒЫСЫ**

*(2016 жылғы «27» маусымға дейінгі жағдайы бойынша)*

**Астана қаласы – 2012 ж**

## **1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. «Павлодар әуежайы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді және оның атауын, мекен-жайын, қалыптасу тәртібі мен органдардың құзыретін, қайта ұйымдастыру шарты мен оның қызметін тоқтату және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелерді анықтайды.

2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Павлодар әуежайы» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: Акционерное общество «Аэропорт Павлодар»;

ағылшын тілінде: «Airport Pavlodar» Joint Stock Company.

Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Павлодар әуежайы» АҚ

орыс тілінде: АО «Аэропорт Павлодар»;

ағылшын тілінде: «Airport Pavlodar» JSC.

3. Қоғамның (Қоғамның атқарушы органының) орналасқан жері: 140001, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Әуежай.

4. Қоғам қызметінің мерзімі шектелмейді.

## **2-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ**

5. Қоғам акционерлік қоғамның ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады және өз қызметін осы Жарғыға, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Қоғам «Павлодар әуежайы» ашық акционерлік қоғамының құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

6. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелдерде филиалдар мен өкілдіктер аша алады, оларды меншік мүлкі есебінен негізгі және айналымдағы құжаттармен қамтамасыз етуге және олардың қызмет тәртібін белгілей алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі Қоғам теңгерімінде есепте тұрады.

7. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылық етуді Қоғам Басқармасының төрағасы тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдардың және өкілдіктердің басшылары Қоғам Басқармасының Төрағасы берген сенімхат негізінде әрекет жасайды.

8. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі мүлдіктік, экономикалық және қаржылық дербестілік негізінде жүзеге асырылады.

9. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің мүлкінен оқшауландырылған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сонымен бірдей Жалғыз акционерде Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның қызметіне байланысты оған тиесілі акциялар құны шегінде шығындар тәуекелін тартады.

Қоғам оған тиесілі мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

10. Қоғамның дербес теңгерімі, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы көрсетілген мөрі бар.

11. Қоғам мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттер иеленеді және оларды өз атынан жүзеге асырады, соттарда талапкер және жауапкер бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінде орналасқан банктер мен басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық немесе шетел валютасымен шот ашуға құқылы.

12. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелетін өзінің тауарлық белгісі және символикасы, сондай-ақ мемлекеттік, орыс және қажет болған жағдайда басқа тілдерде мөртабандары, фирмалық бланкілері және басқа көрнекілік сәйкестендіру құралдары бар.

13. Қоғам мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болды.

14. Қоғам бағалы қағаздарды шығара алады және оларды орналастыра алады, бағалы қағаздарды сатып алады және де өзінің қаржылық тәуекелін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен туынды қаржылық жолдар арқылы сақтандыра алады.

15. Қоғам белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға қаржылық, салықтық және статистикалық есептілікті ұсынады.

16. Қоғамның әрекеті нәтижесінде Қоғам қоршаған ортаны пайда болатын ластанулардан және басқа да зиянды әрекеттерден қорғауға жауапкершілік алады.

17. Қоғам қызметкерлердің еңбегін қорғауға және Қоғам нысандарының өртке қарсы қауіпсіздігіне жауапты болады.

### **3-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ**

18. Осы Жарғы Қоғамның құрылтайшылық құжаты болып табылады.

19. Барлық мүдделі тұлғалар Қоғамның Жарғысымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таныса алады.

### **4-бөлім. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ**

20. Қоғам қызметінің мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық стандарттарға сәйкес әуе кемелеріне, жолаушыларға, қол жүктерге, пошта мен жүктерге тұрақты, қауіпсіз және тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

2) табыс алу болып табылады.

21. Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам мынадай қызмет түрлерін:

1) инфрақұрылымды жоспарлы және кешенді дамыту;

2) құрылыстарды, құрылғылар мен техникалық құралдарды жұмыс істейтін күйде ұстау;

3) азаматтық әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, шығару және оларға қызмет көрсету, қол жүкті, поштаны өңдеу, оларды тексеріп қарау және бақылау;

4) әуеайлақ, әуежай, аэронавигация объектілерін ұстау, жөндеу және пайдалану;

5) әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қамтамасыз ету, бақыланатын аймақта бақылау өткізу режимін қамтамасыз ету және оларды өртке қарсы қамтамасыз ету;

6) азаматтық әуе кемелерінің ұшуын жарық түсіру-техникалық қамтамасыз ету және әуежай, әуеайлақ және аэронавигация объектілерін энергиямен жабдықтау;

7) азаматтық әуе кемелерін, әуежай объектілері мен қызметтерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтықпен қамтамасыз ету, олардың сапасын бақылау;

8) пайдаланушыларға азаматтық әуе кемелерін және басқа да тұтынушыларға арнайы автокөлік құралдарын беру;

9) әуежайларда және азаматтық әуе кемелерінде жолаушыларды, экипаждарды тағаммен қамтамасыз ету;

10) азаматтық авиация саласында қажетті деректермен жолаушыларға, экипаждарға, халыққа ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;

11) мүлік пен қызметкерді, оның ішінде тасымалдау кезінде күзетпен қамтамасыз ету;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негізгі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін өзге қызмет.

22. Егер қызметтің қандай да бір түрін, оның ішінде жоғарыда атап өткендерді жүзеге асару үшін құзыретті органның рұқсаты (лицензия, сертификат) не тіркеу және/немесе халықаралық органдардың рұқсаты қажет болған жағдайда, Қоғам қызметтің осы түрін Заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін жүзеге асырады.

## **5-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ**

23. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

## **6-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

24. Қоғамның Жалғыз акционері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен және талаптарда дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпараттар алуға, оның ішінде Қоғамның Жалғыз акционері анықтаған немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға, сондай-ақ аффилиирленген ұйымдар бөлінісінде Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты сұрауда белгіленген мерзімде немесе Қоғамға сұраныс түскен күннен бастап он күннен кешіктірмейтін мерзімде алуға;

Қоғамның режимді бөлімшелерінде мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4) тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын көшірмелерді алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесін сайлауға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

7) Қазақстан республикасы заңнамасымен қарастырылған өз атынан сот органдарына шағымдана алады, Қоғамның лауазымды тұлғаларына Қоғамға келтірген Қоғамның шығындарын өтеу талабымен, сондай-ақ, Қоғамның лауазымды тұлғаларымен Қоғамға және (немесе) ірі мәмлени бекіту туралы және (немесе) іске асуында мүдделілігі бар мәмлелерді бекіту туралы шешім қабылдау нәтижесінде алынған, олардың аффилиирленген тұлғаларымен пайданы (кірісті) қайтып алу талабымен бара алады;

8) Қоғамға жазбаша өтінішпен, оның қызметіне қатысты және мерзімінде сұраныспен белгіленген мардымды жауаптарын алуға немесе сұраныс алған сәттен бастап отыз күннен кешіктірмей бара алады;

9) Қоғамды таратқан кезде мүліктің бір бөлігін алуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен акцияларды немесе Қоғамның акциясына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;

11) Қоғамның органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Жарғының нормаларын бұзатын іс-қимылдар жасаған жағдайда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;

12) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

13) аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін өз есебінен жүргізуді талап етуге;

14) өз құқықтарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтемақы алуға;

15) Қоғам өкілдерімен Қоғамның Жалғыз акционерінің негізгі құқықтары мен корпоративтік басқару саясатын сақтау сұрақтары пысықталсын.

Осы тармақта көзделген Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары жеткілікті болып табылмайды. Қоғамның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа да құқықтарды пайдалана алады.

25. Қоғамның Жалғыз акционері міндетті:

1) Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізбесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы Қоғам тіркеушісін және Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысын 10 (он) күн ішінде хабардар етуге;

2) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияларын құрайтын қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

3) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасында көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Қоғам мен тіркеуші осы Жарғының 25-тармағының 1) тармақшасында белгіленген талаптарды Жалғыз акционердің орындамауы салдарына жауапты болмайды.

Директорлар Кеңесі мен Басқарма Қоғамның қызметінде жоспарланған өзгерістерді негіздеуге және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау мен сақтаудың нақты саясатын ұсынуға міндетті.

## **7-бөлім. АҚПАРАТ БЕРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ САҚТАУ ТӘРТІБІ**

26. Қоғам Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты тиісті фактілер пайда болған сәттен бастап 5 (он) күнтізбелік күн ішінде Жалғыз акционердің назарына жеткізуге міндетті.

*27 тармаққа «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 27 маусымдағы № 25/16 шешімі)*

27. Қоғамның жалғыз акционерінің мүддесін қозғайтын ақпараттар мыналар:

1) Мәселелер тізбесі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес олар туралы ақпарат Қоғамның Жалғыз акционерінің назарына жеткізілсін;

2) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекіту, қаржы нарығы және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелері және іске асуында Қоғамның мүддесі болатын мәмілелерді жасасуы;

4) Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

5) Қоғамның қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға рұқсат алу, қоғамның қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға бұрын алған рұқсаттарды тоқтату немесе қолданылуын тоқтату;

6) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

7) Қоғамның мүлкіне тыйым салу;

8) нәтижесінде Қоғам мүлкі жойылған теңгерім құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

9) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапқа тартылуы;

10) Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғауы;

11) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

12) Қоғам активтерінен бес және одан жоғары пайызын құрайтын, сомаға Қоғам мүлігін кепілдікке тапсыру ( қайта кепілдендіру).

13) Қоғамның Жарғысы және Қоғамның акциялар шығару проспектісіне сәйкес, Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесін қозғайтын өзге де ақпарат болып табылады.

Қоғамның қызметі туралы және Қоғамның өзге бұқаралық ақпараты Қоғамның Интернет желісіндегі [airport.pvl.kz](http://airport.pvl.kz) немесе Республикалық баспасөз басылымдарында жарияланады.

28. Қоғамның Жалғыз акционерінің өзінің талабы бойынша Қоғам Жарғысының 28-тармағында көзделген құжаттардың көшірмелерін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде оған беруге міндетті.

Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат Жалғыз акционерге Қоғаммен азаматтық істің корпоративтік дауы бойынша сәйкес сот хабарламасын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде ұсынылуы тиіс.

29. Қоғам жалғыз акционерді шаруашылық-қаржылық қызметі туралы және оның нәтижесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес нақты мәліметпен қамтамасыз етеді. Акционерлік капитал (акциялар) саласындағы мәмілелер Қоғамның Жалғыз акционері үшін таза және негізделген болу керек.

Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныс жүгінуге және сұраныста белгіленген мерзімде немесе 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей дәлелді жауап алуға құқылы.

30. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғалары бойынша осы тұлғалар ұсынылған мәлімет негізінде есеп жүргізеді.

31. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін бағалы қағаздар нарығының реттеуі мен қадағалауын жүргізетін мемлекеттік органға оның белгілеген тәртібімен ұсынады.

32. Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті аффирирлік туу жағдайында 7 (жеті) күн аралығында ұсынады.

33. Егер бұрында Қоғамның Жалғыз акционерімен немесе Қоғамның лауазымды тұлғасымен тұлға аффилиирленген ретінде белгіленіп қазіргі кезде ондай болмаса, онда Қоғамның Жалғыз акционері немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы Қоғамды бес күн арасында хабардар етеді.

34. Аффилиирленген тұлғалар бойыша мәлімет Қоғамға бағалы қағаздар нарығының реттеуі мен қадағалауын жүргізетін мемлекеттік органмен сәйкес бекітілген нысаны бойынша ұсынылады.

35. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттар, Қоғамның атқарушы органының орналасқан мекен-жайы бойынша барлық қызмет мерзімінде Қоғамның сақталуына жатады. Сақталуға келесі құжаттар жатады:

1) Қоғамның Жарғысы, Қоғамның Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Жалғыз құрылтайшының шешімі, жалғыз құрылтайшының шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

3) Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлік;

4) тармақшаға «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 27 маусымдағы № 25/16 шешімі)

4) қоғаммен қызметтің белгілі түрлерін алуға және (немесе) белгілі іс-әрекеттерді орындауға рұқсаттар;

5) Қоғамның теңгерімінде есепте тұрған мүліктің құқығын растайтын құжаттар;

6) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектісі;

7) Қоғамның бағалы қағаздары шығуын растайтын, бағалы қағаздардың күшін жою және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы құжаттар.

8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

9) оларға қатысты қоса берілген материалдары бар Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі;

10) директорлар Кеңесі отырысының хаттамалары (сырттай отырысының шешімі) және бюллетеньдер (соның ішінде, жарамсыз бюллетеньдер), Қоғамның директорлар Кеңесінің күн тәртібі бойынша материалдар;

11) Қоғам Басқармасы отырысының (шешімдері) хаттамалары;

12) Қоғамның корпоративтік басқару Кодексі.



36. Қоғам мүдделілігі бар мәмілені жасасуға ұмтылмайды. Егер ондай мәміле жасаса, Қоғам сәйкестік мәміле туралы және Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты ашады.

## **8-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

37. Қоғам жай акцияларды шығарады. Жай акциялар Жалғыз акционерге Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін шешімдерді қабылдауға құқық береді. Қоғамда таза кіріс болған кезде дивидендтер алуға және де Қоғам таратылған кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жарты мүлігін алуға құқылы.

38. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

39. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді Қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады, ол Қоғамның аффилиирленген тұлғасы және оның аффилиирленген тұлғалары болмауға тиіс.

Қоғамның сатып алған меншік акциялар туралы мәліметтер міндетті түрде бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне енгізілуге жатқызылады.

40. Акцияларды ұстаушылардың тізілімінен көшірмелер Жалғыз акционердің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқығын растайтын құжаттар ретінде жүреді.

41. Қоғам өз орналастырған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілге қабылдайды.

42. Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығы осы Жарғының ережелерімен шектелмейді немесе жойылмайды.

43. Қоғам Жалғыз акционерге орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.

44. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғам қызметі үшін қаражат тарту мақсатында облигациялар шығаруға құқылы. Облигация иеленушілердің Қоғамды басқаруға қатысу құқықтары жоқ.

45. Облигацияларды шығару тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен реттеледі.

46. Қазақстан Республикасының заңнамасында реттелмеген акциялар мен облигацияларды шығарудың, олардың қозғалысы мен есепке алудың басқа да мәселелері Қоғамның Жалғыз акционері немесе Қоғамның директорлар Кеңесімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы шешім қабылдаған кезде анықталады.

## **9-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ТАЗА КІРІСІН БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР**

47. Қоғамның таза кірісі жыл қорытындысы бойынша (салықтарды және бюджетке басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның Жалғыз акционері белгілі шешімімен, тәртіппен үлестіріледі.

Таза кірістің бөлінуі Қоғамның Жалғыз акционермен Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу, Қоғамның Жалғыз акционері шешімімен жыл қорытындысы бойынша іске асады.

Қоғам акциялары бойынша дивидендтер ақшамен төленеді, сонымен қатар, Қоғамның Жалғыз акционері шешімімен Қоғамның бағалы қағаздарымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді.

Қоғамның Жалғыз акционері шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешімді бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

48. Дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

1) меншік капиталдың мөлшері теріс немесе егер Қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болған кезде;

2) тармақшаға «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 27 маусымдағы № 25/16 шешімі)

2) егер Қоғам құқығын қалпына келтіру және банкротқа ұшырау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеу қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі белгілеріне жауап береді немесе осы белгілер Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу нәтижесінде Қоғамда пайда болады.

49. Қоғам дивидендтердің уақтылы төленуін Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасына сәйкес жауапкершілік тартады.

## **10-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ АУДИТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ**

50. Қоғам жыл сайын уәкілетті орган белгілеген мерзімде ұластырылмаған жылдық қаржылық есепті және аудиторлық есепті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялап отыруға міндетті.

Қоғам өзге де қаржылық есептілікті қосымша жариялауға құқылы.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады және оны Қоғамның Жалғыз акционеріне берген күнге дейін отыз күннен кешіктірмей Қоғамның директорлар Кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

Басқарма талқылау және бекіту үшін аудит қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткізілген аудит бойынша Қоғамның Жалғыз акционеріне өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті тапсырады. Қаржылық есептіліктен басқа Басқарма Қоғамның Жалғыз акционеріне аудитор ұсынымдарын (басшылыққа хат) қоса алғанда, аудиторлық есепті береді.

51. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Қоғамның Жалғыз акционері жүргізеді.

52. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ ағымдағы іс жағдайын тексеру және растау үшін Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қоғамның Жалғыз акционері шешімінде белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік және аудит халықаралық стандарттарға сәйкес, Қоғам қаржы жылының қорытындысы бойынша оның аяқталуынан 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде жыл сайын аудит жүргізуге міндетті.

Егер Қоғам Басқармасы Қоғамға аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен белгіленуі мүмкін.

Қоғамда аз дегенде бес жылда бір рет аудиторлық ұйым ауыстырылады.

53. Қоғам Басқармасы ұсынылған қаржылық ақпараттың толықтығы мен нақтылығы үшін жауапты болып табылады.

## **11-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ**

54. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган – Жалғыз акционер;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы органы – Қоғам Басқармасының төрағасымен басқарылатын, Басқарма;

4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау саласында бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқару саласында құжаттарды орындауды және қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын органы – Қоғамның ішкі аудит Қызметі болып табылады.

## **12-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗІРЕТІ**

55. Қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және Осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке қабылданады және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

56. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер кіреді:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару Кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамның жариялаған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялар түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның дивидендтік саясатын бекіту;

5) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасын, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

7) Қоғамның директорлар Кеңесі туралы ережелерді бекіту;

8) Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелеріне біліктілік критерийлерін және Қоғамның директорлар кеңесі мүшелеріне тәуелсіздік критерийлерін бекіту;

9) белгіленген заң тәртібі бойынша Басқарма Төрағасы өкілеттігін тағайындау келісімі және мерзімнен бұрын тоқтату;

10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау және аудиторлық ұйымның қызмет көрсетуіне төлем мөлшерін айқындау;

11) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

12) Қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшерін бекіту;

13) Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар болған кезде, Қоғамның жай және артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа да заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

15) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес сатып алған кезде олардың құнын анықтауын өзгерту әдістемесін (егер ол бекітілген болмаса, әдістемесін бекіту) бекіту;

16) Қоғамның лауазымды тұлғасының кінәсі бойынша Қоғамға келтірілген шығынды өтеу туралы Қоғамның сотқа арыз жазу туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның қызметі туралы мәліметті ұсыну тәртібін анықтау, сонымен бірге, егер Қоғам Жарғысымен ондай тәртіп белгіленбесе бұқаралық ақпарат құралдарының тәртібін анықтау;

18) «Алтын акция» енгізу мен жою;

19) жойылды;

20) Қоғамның бағалы қағаздарының айырбастау тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ, олардың өзгерісін анықтау;

Қоғамның жай акциясына айырбасталатын Қоғамның бағалы қағаздарын шығару туралы шешім шығару;

21) Жайғастырылған акцияның бір түрін, акциялардың өзге түрлеріне айырбастау туралы шешім шығару, мұндай айырбастың шарттарын анықтау;

22) листинг алу және Қоғам акцияларының ерікті делистингісі туралы шешім шығару;

23) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтері мен әкімшілік аппаратын орналастыруға алаң нормасын анықтау;

24) Қоғамның іссапарларға жіберілетін қызметкерлерінің шығындарының орнын толтыру шарттары мен тәртібін анықтау;

25) ұялы байланысты пайдалану құқығын қызметкерлерге беру кезінде Қоғамның қаражаты есебінен өтелетін шығыстырдың лимиттерін, өкілдік шығыстардың лимиттерін анықтау және акционердің шешімі бойынша басқа да лимиттерді анықтау;

26) Қазақстан Республикасының Заңымен және Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылатын Қоғам Жарғысымен шешімдер қабылданатын Қоғамның ішкі құжаттарының бекітілуі;

27) Қазақстан Республикасының Заңы және Қоғамның Жалғыз акционер құзырына жататын осы Жарғымен қабылданатын өзге де мәселелер жатады.

57. Егер Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, Қоғамның лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге болмайды.

58. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

### **13-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

59. Қоғамның директорлар Кеңесі Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

60. Директорлар кеңесінің қызметі адалдық, тиімділік, белсенділік, әділдік, жауапкершілік және дәлдік қағидаттарына негізделеді.

61. Қоғамның директорлар Кеңесінің төрағасы Қоғамның Жалғыз акционері лауазымына сайланады. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

*62 тармаққа «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 27 маусымдағы № 25/16 шешімі)*

62. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;  
2) Қоғамның даму стратегиясын бекіту және Қоғамның даму стратегиясын іске асыру мониторингісін жүзеге асыру;

3) мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығару;

4) жариялаған акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның Жалғыз акционеріне өткен қаржы жылына арналған Қоғамның таза кірісін үлестіру тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына дивиденд мөлшері туралы ұсыныстарды беру;

7) жылдық қаржылық есеп беруді алдын ала бекіту;

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті қамтитын Қоғамның жылдық есебін бекіту;

9) жойылды;

10) Қоғамның директорлар Кеңесінің комитеттерін құру, ол туралы Ережелерді бекіту және комитет мүшелерін тағайындау;

11) Жалғыз акционерге директорлар Кеңесі мүшелерінің тәуелсіздік критерийлері мен біліктілік критерийлеріне қатысты кеңестер дайындығы;

12) Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы төлемдерінің мөлшері, тәртібін анықтау және шарттары бойынша Жалғыз акционерге кеңестер дайындығы;

13) Қоғамның өндірістік бағалы қағаздары мен облигация шығарылымының шарттарын анықтау;

14) Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау және өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, соның ішінде, Қоғам Басқармасы Төрағасын тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін Қоғамның Жалғыз акционерімен келісімдеу арқылы, осы Жарғының 56 тармағы 9 тармақшасына сәйкес, Қоғам Басқармасы Төрағасын тағайындау және өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

15) Қоғам Басқармасы туралы Ережені бекіту;

16) Қоғамның Жалғыз акционері саясатын ескере отыра, Қоғам Басқармасының Төрағасы және оның мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбек төлемі, сыйақылау және әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау;

17) Қоғамның директорлар кеңесімен бекітілген тізімдемеге сәйкес, Қоғам Басқармасы мүшелерінің және өзге де қызметкерлерінің сабақтастық жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

18) Қоғам, директорлар Кеңесі, директорлар Кеңесі мүшелерінің, директорлар Кеңесі Комитеттері мүшелерінің (олардың қолда барында), Басқарма, ішкі аудит Қызметінің қызметтерін бағалау;

19) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Басқармасын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ, Қоғамның Жалғыз акционері саясатын ескере отыра, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі мен олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбек төлемінің өлшемі мен шарттары, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау;

20) Қоғамның ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

21) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жылдық және тоқсандық есептерін қарастыру және сол бойынша шешім қабылдау;

22) Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы Ережені бекіту;

23) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау және өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақы беру шарттарын анықтау;

24) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою және аукцион өткізудің шарты мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

25) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, Қоғамның директорлар Кеңесі құзырына кіретін Қоғамның корпоративтік басқару жүйесіндегі өзгертулерді бекіту немесе Қоғамның Жалғыз акционер құзырына кіретін Қоғамның корпоративтік мәселелері бойынша Қоғамның Жалғыз акционеріне ұсыныстар дайындығы;

26) Қоғамның Басқарма мүшелерінің, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, Қоғамның Корпоративтік хатшысының еңбекақы төлеу туралы қағидасы мен лауазымдық жалақылар сызбасын бекіту;

27) Қоғам Басқармасының мүшелері, Қоғамның Корпоративтік хатшысы, қызметкерлері және Қоғамның ішкі аудит Қызметінің басқарушысы үшін қызметтің мотивациялық шешімді көрсеткіштерін бекіту және олардың мақсаттылы бағыттары, сондай-ақ, жетістіктер мониторингісін іске асыру;

28) Қоғам өкілдіктерін және шетел филиалдары құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сонымен қатар, олар туралы Ережелерді бекіту;

29) Қоғам тарапынан басқа заңды тұлғалардың 10 (он) және одан жоғары пайыз акцияларын (жарғылықты капиталда үлесі бар) сатып алу туралы шешім қабылдау;

30) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;

31) заңды тұлғаның акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының айрықша құзырына жататын, он және одан көп акциялардың (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі қызметтің келесі түрлері бойынша шешім қабылдау;

а) ерікті қайта ұйымдастыру және акционерлік қоғамды тарату;

б) акционерлік қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, немесе оның жаңа редакцияда бекітілуі (қоғамның директорлар кеңесімен анықталған тізімдеме бойынша);

в) заңды тұлғаның жарияланған акциялар санын арттыру немесе акционерлік қоғамның жайғастырылмаған жарияланған акция түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;

г) акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау тәртібі және шарттарын айқындау;

д) заңды тұлғаның жай акцияларында айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

е) жайғастырылған акцияның бір түрін акцияның басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың тәртібі мен шарттарын айқындау;

ж) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, өз міндеттерін орындағаны үшін директорлар кеңесі мүшелеріне шығындар өтемі мен сыйақылар төлемінің шарттары мен мөлшерін айқындау;

з) «Самұрық Қазына» АҚ Басқармасымен бекітілетін тізімдемеге сәйкес «Самұрық Қазына» АҚ Басқармасымен келісімдеу бойынша заңды тұлғадағы атқарушы орган басқарушыларының өкілеттіліктері, барлық дауыс беретін акциялар (қатысу үлесі) тура немесе жанама түрде Қоғамға тиесілі, («Самұрық Қазына» АҚ тобы шеңберінде) белгіленген тәртіп бойынша олармен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату арқылы тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату;

и) акционерлік қоғамның қалыптастыру немесе басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысу немесе акционерлік қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сома арқылы активтердің бірнеше бөлігі немесе бөлігін беру (алу) жолы арқылы басқа заңды тұлғалар (акционерлер) қатысушылар құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

к) «алтын акцияны» енгізу және жою;

л) Серіктестік Жарғысының өзгертулері, оның ішінде жарғы капиталы мөлшерінің өзгеру, орналасқан жері мен фирмалық атауы немесе жаңа редакцияда Жарғының бекітілуі (қоғамның директорлар кеңесімен анықталған тізімдеме бойынша);

м) серіктестіктің бақылау кеңесі және (немесе) серіктестіктің ревизиялық комиссиясы (ревизор) өкілеттіктерін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, серіктестіктің ревизиялық комиссиясының (ревизор) қорытындысы және есебін бекіту;



н) серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерінде, сонымен қатар, коммерциялық емес ұйымдарда қатысу туралы шешім қабылдау;

о) серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдау;

п) серіктестіктің барлық мүлігінің кепілдігі туралы шешімі;

р) серіктестік мүлігіне Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы» Заңының 39 бабына сәйкес, қосымша салымдарды енгізу туралы шешім қабылдау;

32) Қоғам және заңды тұлғалар активтерін басқару сұрағын реттейтін Қоғамға тура және жанама тиесілі акциялар (қатысу үлесі), (қайта құрылым, қайта ұйымдастыру, тарату, алу немесе оқшаулау, сенімді басқармаға беру, ауыртпалық салу/ қалыптастыру және т.б) оның өткізу мониторингісі құжатының бекітілуі, сондай-ақ, кезеңдік негізде аталған құжатты қайта қарау;

33) Акциялары (қатысу үлестері) тура және жанама Қоғамға тиесілі, заңды тұлғаларда лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты саясатты өңдеу;

34) бұрынғы тіркеушімен келісімді бұзған жағдайда Қоғам тіркеушісін таңдау;

35) ірі мәмлелерді, сондай-ақ, осы Жарғы және Қазақстан Республикасының заң актілері тәртібімен қарастырылған, іске асуында Қоғамға мүдделі мәмлелерді бекіту туралы шешім қабылдау;

36) Қоғамның есептік саясатын бекіту;

37) қызметкерлер жалпы санын бекіту, Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымы және Қоғам филиалдары мен өкілдіктеріне қоса алғанда, оларға өзгеріс енгізуін бекіту;

38) Тәуекелді басқару бойынша Қоғамның ішкі үрдістерін бекіту, (Қоғамның басқа органдары құзырына Қоғамның ішкі құжаттарына жататын сұрақтарды қоспағанда);

39) Тәуекелді басқару саясатын бекіту;

40) Қоғамның жалпы тәуекелін және Қоғамның әрбір шешімді тәуекеліне қатысты шыдамдылық деңгейін бекіту және қабылданатын тәуекелдердің деңгейлерін шектеу үшін лимиттерді белгілеу, шешімді тәуекел көрсеткіштерін бекіту;

41) Қоғам регистрі және тәуекел карталарын бекіту;

42) Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту және Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің жыл сайынғы тиімділік бағасы;

43) тәуекелдерді басқару бойынша есептерді қарастыру;

44) Қоғамның сыртқы аудит Саясатын бекіту;

45) Қоғамның ішкі бақылау жүйесін бағалау және сақтауды қамтамасыз ету және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

46) Іскер этика Кодексін бекіту және оның ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;

47) Қоғамның кадрлар саясатын бекіту;

48) Қоғам омбудсмені өкілеттерін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, ол туралы Ережені бекіту;

49) Корпоративтік дау-дамайларды реттеу Ережесін және мүдде дау-дамайларын реттеу туралы Ережені бекіту;

50) Қоғамның директорлар кеңесімен бекітілген, саясатқа сәйкес Қоғамның лауазымды тұлғалары және өзге қызметкерлері арасында пайда болатын корпоративтік дау-дамайларды және мүдде дау-дамайларын реттеуге қатысу және оның мониторингісі;

51) Қоғамның ақпараттық Саясатын бекіту және оның тиімділік бағасын өткізу;

52) Коммерциялық, қызметтік және басқа да заң құпиясын қорғайтын Қоғам ақпараттарын қорғау туралы Ережені бекіту;

53) Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерімен Қоғам туралы ақпарат, соның ішінде қаржылық ақпараттар тәртібі мен алу мерзімдерін анықтау;

54) Қоғамның басқарушы қызметкерлер лауазымдарын, сондай-ақ, бекітілуі және келісімдеуі Қоғамның директорлар Кеңесімен жүзеге асатын еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың лауазымдар тізімдемесін анықтау;

55) Қоғамның даму Жоспарын (даму жоспарының бірінші жылындағы негізгі бюджеттік көрсеткіштерді енгізілуін қоса алғанда) бекіту, даму Жоспарының іске асу мониторингісі, даму Жоспарының түзетулері;

56) Қоғам Басқармасы мүшелеріне қатысты басқа ұйымдарда жұмыс істеуге келісімді ұсыну туралы шешім қабылдау;

57) тұрақты даму саласындағы стратегиялық құжаттарды, тұрақты даму саласындағы есеп пен іс-шаралар жоспарын бекіту;

58) Қоғамның қоршаған ортасы, еңбекті қорғау және Қоғам қауіпсіздігі төңірегіндегі Саясатты бекіту;

59) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер жатқызылады.

63. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасының шешуіне берілмейді.

*64 тармаққа «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 27 маусымдағы № 25/16 шешімі)*

64. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер белгілейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде 3 (үшеу) болу керек. Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз болу керек.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктер мерзімі Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзіміне сәйкес келеді және акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау бойынша шешім қабылдаған сәтте аяқталады.

Директорлар Кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметінің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің құрамын қатарынан алты жылдан (мысалы, екі рет үш жылдық мерзім) артық мерзімге сайлаудың кез келген мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының сапалы жаңартылуының қажеттілігін ескере отырып ерекше қарауға жатады.

Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам мерзімге сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға рұқсат етіледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директордың сайлануы жыл сайын Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жүргізілуі тиіс.

65. Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшесі болып сайлана алады:

- заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе шешілмеген сотталғандығы болған тұлға;

- белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған мәжбүрлі тарау туралы немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алуға немесе басқа заңды тұлғаны тоқтату шешімі қабылданғанға дейін 1 жылға жетпейтін аралықта басқа заңды тұлғаның бұрынғы директорлар Кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма Төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға тағайындалмайды. Белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған мәжбүрлі тарау туралы немесе акцияларды мәжбүрлікпен сатып алуға, немесе басқа заңды тұлғаны тоқтату шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жыл аралығында белгіленген тәртіп қолданылады.

Экономика қызметі саласында немесе қызмет мүддесіне қайшы келетін коммерциялық немесе басқа ұйымдарда қылмыс жасап, сотпен кінәлі деп танылған, сонымен қатар көрсетілген қылмысты жасағаны үшін оңалту негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған Қоғамның лауазымды тұлғасы, заңмен белгіленген тәртіпте өтелген мерзімі алынғаннан кейін 5 (бес) жыл аралығында Қоғамның лауазымды тұлғасының міндеттерін, сонымен қатар Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілеттілігін атқара алмайды.

66. Қоғамның директорлар Кеңесі мүшесінің құрамына тағайындалатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленеді.

67. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Жалғыз акционерімен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі, Жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесінің құрамын тағайындаған кезде тоқтатылады.

68. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның директорлар Кеңесінің кейбір немесе барлық мүшелерінің өкелеттігін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы. Оның ынтасы бойынша Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерінің өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылуы Қоғамның директорлар Кеңесін жазбаша хабарландыру арқылы жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның директорлар кеңесімен хабарлама алынған уақыттан бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын және Жалғыз акционердің жаңа директорлар кеңесінің мүшелерін сайлаған кезде, соңғысының өкілеттілігі жалпы директорлар кеңесінің өкілеттілігі яқталғанда бір мезгілде тоқтатылады.

*69 тармаққа «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 27 маусымдағы № 25/16 шешімі)*

69. Директорлар кеңесінің мүшелеріне үміткерлер және Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері Қоғам мен Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесіне сай міндеттемелерді орындауға және Қоғамның директорлар Кеңесінің жұмысын тиімді ұйымдастыруда жұмыс тәжірибесі, біліктілік, оң жетістіктер және іскерлік қасиеттеріне және (немесе) салалық ортада мінсіз беделге ие болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын бір мезгілде төрттен астам заңды тұлғада атқаруға жол берілмейді, директорлар Кеңесінің төрағасы лауазымын бір мезгілде екі заңды тұлғада ғана атқаруға рұқсат етіледі. Директорлар Кеңесі мүшесінің басқа заңды тұлғаларда лауазымдар атқаруына директорлар Кеңесінің мақұлдауы алынғаннан кейін рұқсат етіледі.

70. Директорлар кеңесінің мүшесіне Қоғамның акционері болып табылмайтын жеке тұлға және Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесін ұсыну ретінде Директорлар кеңесінің тағайындауына ұсынылмаған (кеңес берілмеген) тұлға тағайындалады. Сондай тұлғалардың саны директорлар Кеңесі құрамынан елу пайыздан аспау керек.

71. Қоғамның Басқарма төрағасынан басқа, Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне тағайындалмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалмайды.

72. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша лауазымдық міндеттемелеріне сәйкес Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелеріне міндеттемелерді орындау кезінде сыйақылар беріледі немесе Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін атқаруына байланысты шығындары өтеледі. Мұндай сыйақылар және (немесе) өтемақылардың мөлшерін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді.

*73 тармаққа «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 27 маусымдағы № 25/16 шешімі)*

73. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына Үкімет мүшелерінің, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының қатысуына жол берілмейді.

74. Маңызды мәселелерді қарастыру және директорлар Кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда директорлар Кеңесінің комитеттері (бұдан әрі - Комитеттер) құрылуы мүмкін:

- 1) аудит бойынша;
- 2) тағайындаулар мен сыйақылар бойынша;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауы бойынша өзге де комитеттер.

Комитеттер Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелерінен құрылады, соның бірі Комитет төрағасы болып тағайындалады. Комитеттің құрамына жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылар қосылу керек.

Қоғамның Басқарма Төрағасы Комитеттің мүшесі бола алмайды.

Комитеттердің жұмысы мен қалыптасу тәртібі, сондай-ақ, оның сандық құрамы Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен Комитеттер туралы Ережелермен белгіленеді.

75. Қоғамның директорлар Кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, осы Жарғыда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2) Қоғам атынан Басқарма Төрағасын материалдық көтермелеу мен жауаптылығы Қоғамның қызмет және оның даму жоспарын орындау қорытындыларына тікелей тәуелді болатынын көздейтін Басқарма төрағасымен жеке еңбек шартын жасасады;

3) Қоғамның директорлар Кеңесінің басшылығын іске асырады және оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді;

4) Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысына күн тәртібін дайындайды;

5) Қоғамның директорлар Кеңесіндегі Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысын және Қоғам Басқармасы мен Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелері арасында конструктивті қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;

6) Жалғыз акционерімен тиімді байланысты және Қоғамның Жалғыз акционерінің көзқарасын Қоғамның директорлар Кеңесіне дейін жеткізуді қамтамасыз етеді;

7) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерін сыйақылау мөлшері мен құрамы туралы ақпараттандырады;

8) Қоғамның Корпоративтік хатшысымен бірге Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелеріне нақты және айқын ақпаратты уақтылы алуды қамтамасыз ету;

9) Қоғамның директорлар Кеңесінің жаңадан тағайындалған мүшелеріне лауазымға кіру бағдарламаларын ұсынуды қамтамасыз ету;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелерді шешеді.

Қоғамның директорлар Кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

Қоғамның директорлар Кеңесінің төрағасы Қоғамның Жалғыз акционерімен тиісті диалогтың қамтамасыз етілуіне жауапты болады.

76. Қоғамның директорлар Кеңесіне өзінің міндеттерін орындайтын ақпарат сапалы және сәйкестік нысанда уақтылы ұсынуы тиіс. Қоғамның директорлар Кеңесінің барлық мүшелері өздерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын ұдайы жетілдіруі тиіс.

77. Қоғам Басқармасы, Қоғамның ішкі аудит Қызметі Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері сұраған мәліметті ұсынуға міндетті, ал Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері қажет болған жағдайда түсіндіру мен түсініктемелерді талап етеді.

78. Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасы не болмаса Қоғам Басқармасының талабы бойынша шақырылуы мүмкін, немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит Қызметінің;
- 3) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

*79 тармаққа «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 27 маусымдағы № 25/16 шешімі)*

79. Қоғамның директорлар Кеңесі отырысына шақыру туралы талап Қоғамның директорлар Кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесінің күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартса, бастамашы Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғамның басқармасына көрсетілген талаппен жүгінуге құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқармасы он күннен кешіктірмей отырыс туралы талап түскен күннен бастап шақырылады.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыруымен өткізіледі.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетіні туралы хабарламаны жіберу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесінде анықталады.

Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысы өткізілуі туралы хабарламада отырыстың өтетін орны, уақыты, күні және күн тәртібі туралы мәлімет болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар алдын ала – кемінде 7 күнтізбелік күннен бұрын, ал осы Жарғыда белгіленетін аса маңызды мәселелер бойынша - кемінде 15 жұмыс күнінен бұрын жіберіледі.

Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшесі Қоғам Басқармасына алдын ала Қоғамның директорлар Кеңесі отырысына қатыса алмайтындығы туралы хабарлама беруі тиіс.

Қарау мерзімі кемінде 15 жұмыс күнін құрайтын барынша маңызды мәселелерге мыналар жатады:

1) Қоғам қызметінің басымды бағыттарын айқындау, даму стратегиясын, даму жоспарларын бекіту;

2) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу), оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны және оларды орналастырудың (өткізудің) тәсілі мен бағасы туралы шешімдер қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;

4) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын анықтау;

5) инвестициялық/кредиттік жобаларды қарау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен ірі мәмілелерді және оның жасалуында мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау;

7) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға қатысуы туралы шешімдер қабылдау;

8) Қоғамның басқа заңды тұлғаларының акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) он және одан да көп пайызын сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

9) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту, Қоғамның Жалғыз акционеріне өткен қаржы жылы ішінде Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар беру;

10) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті қамтитын Қоғамның жылдық есебін бекіту;

11) Қоғам Басқармасының мүшелеріне арналған қызметтің негізгі көрсеткіштері мен олардың нысаналы мақсаттарын бекіту;».

80. Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері отырысқа қатысуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің біреуі болмаған кезде техникалық байланыс құралдарын қолдана отырып, қарастырылған мәселелерді талқылауға қатысуға болады. Директорлар кеңесінің болмаған әрбір мүшесі әрбір мәселе бойынша жазбаша түрде өзінің пікірін ұсынуы тиіс.

Қоғамның директорлар Кеңесі қарауына шығарылған сұрақ бойынша мүдделілігі бар Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшесі аталған сұрақ бойынша дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Қоғамның директорлар Кеңесінің хаттамасында лайықты жазбасы болуы тиіс.

81. Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде жартысы отырысқа қатысқаны болып есептеледі. Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысында

міндетті түрде тәуелсіз директорлардың жалпы санынан кем дегенде тәуелсіз директорлардың жартысы қатысу керек.

Егер Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жетпесе, Қоғамның директорлар Кеңесі Қоғамның Жалғыз акционеріне жаңадан Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерін тағайындауға өтінуге міндетті. Қоғамның директорлар Кеңесінің қалған мүшелері Қоғамның Жалғыз акционеріне көрсетілген үндеу бағытталғаны туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

Қоғамның директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімі отырысқа қатысқан Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерінің ең көп дауыс беруімен қабылданады, егер де Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында өзгеше қарастырылмаса;

Дауыстар тең болған кезде Қоғамның директорлар Кеңесі төрағасының дауысы немесе Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысына төрағалық еткен тұлғаның дауысы шешуші болып саналады.

*82 тармаққа «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 27 маусымдағы № 25/16 шешімі)*

82. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі іштей не сырттай дауыс беру арқылы қабылданады. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің тікелей тәртібі Жалғыз акционер бекітетін қоғамның директорлар Кеңесі туралы Ережемен белгіленеді.

Қоғамның директорлар Кеңесінің күзіретіне қатысты кейбір мәселелер іштей дауыс беру арқылы қабылданады. Мұндай мәселелерге жатады:

1) Қоғам қызметінің басымды бағыттарын анықтау, даму стратегиясын, даму жоспарын бекіту оларға өзгерістер мен толықтырулар, түзетулер, енгізу, оларды жүзеге асыру туралы есептерді бекіту;

2) Қоғамның ішкі аудит Қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

3) Қоғамның ішкі аудит Қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарастыру және солар бойынша шешім шығару;

4) жайғастыру туралы шешім шығару(өткізу), соның ішінде жарияланған акциялар саны шеңберінде (өткізілетін) жайғастырылатын акциялар саны, жайғастыру тәртібі мен бағасы туралы;

5) Қоғаммен жайғастырылатын акцияларды сатып алу немесе басқа бағалы қағаздарды және оның сатып алу бағасы туралы шешімдер шығару;

6) Қоғам облигациялары мен өнімді бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;

7) Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімін анықтау, олардың мүшелерін сайлау және өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, соның ішінде, Қоғам Басқармасы Төрағасының тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін Қоғамның Жалғыз акционерімен келісімдеу арқылы, осы Жарғының



56 тармағы 7 тармақшасына сәйкес, Қоғам Басқармасы Төрағасын тағайындау және өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Қоғамның Жалғыз акционер саясатын ескере отыра, Қоғам Басқармасының Төрағасы және оның мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбек төлемі, сыйақылау және әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау;

9) Қоғамның ішкі аудит Қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Басқармасын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ, Қоғамның Жалғыз акционері саясатын ескере отыра, қоғамның ішкі аудит Қызметінің жұмыс тәртібі мен олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбек төлемінің өлшемі мен шарттары, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау;

10) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау және өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ, лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақы беру шарттарын анықтау;

11) инвестициялық/несиелік жобаларды қарастыру;

12) Қазақстан Республикасының заң актілері тәртібімен қарастырылған іске асуында Қоғамға мүдделі ірі мәмле және мәмлелерді бекіту туралы шешім қабылдау;

13) Басқа ұйымдарды құруда Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам тарапынан басқа заңды тұлғалардың 10 (он) және одан жоғары пайыз акцияларын (жарғылықты капиталда үлесі бар) сатып алу туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның жалпы тәуекелін және Қоғамның әрбір шешімді тәуекеліне қатысты шыдамдылық деңгейін бекіту және қабылданатын тәуекелдердің деңгейлерін шектеу үшін лимиттерді белгілеу, шешімді тәуекел көрсеткіштерін бекіту;

16) қоғам регистрі және тәуекел карталарын бекіту;

17) Қоғамның корпоративтік басқарудың тиімділік бағасы;

18) Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штаттық санының бекітілуі, өзгеруі;

19) Қоғамның жылдық қаржылық есеп беруін алдын ала бекіту, Қоғамның Жалғыз акционеріне өткен қаржы жылына Қоғамның таза кірісін үлестіру тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына есебімен дивиденд мөлшерін туралы ұсыныстар беру;

20) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті қамтитын Қоғамның жылдық есебін бекіту;

21) Қоғамның директорлар Кеңесімен комитеттердің құрылуы, олар туралы Ереженің бекітілуі, сондай-ақ, Қоғамның директорлар Кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;

22) Қоғам Басқармасы мүшелері үшін қызметтің шешімді көрсеткіштерін және оның мақсаттылы бағыттарын бекіту;

23) Қоғамның Жалғыз акционері саясатын ескере отыра, Қоғам Басқармасы мүшелерінің, Қоғамның ішкі аудит Қызметі қызметкерлерінің, Қоғамның

Корпоративтік хатшысының еңбек төлемі, әлеуметтік қолдау, лауазымдық жалақы сызбасы Ережелерін бекіту;

24) Қоғамның Басқарма мүшелері және Қоғамның өзге қызметкерлерінің қызметін бағалау, оларды тағайындау келісімі Қоғамның директорлар Кеңесімен іске асады;

25) Қоғам және заңды тұлғалар активтерін басқару сұрағын реттейтін Қоғамға тура және жанама тиесілі акциялар (қатысу үлесі), (қайта құрылым, қайта ұйымдастыру, тарату, алу немесе окшаулау, сенімді басқармаға беру, ауыртпалық салу/ қалыптастыру және т.б) оның өткізу мониторингісі құжатының бекітілуі, сондай-ақ, кезеңдік негізде аталған құжатты қайта қарау;

26) Акциялары (қатысу үлестері) тура және жанама Қоғамға тиесілі, заңды тұлғаларда лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты саясатты өңдеу;

Сырттай отырыстар пікір-таластық емес сипаттағы сұрақтар бойынша өткізілуге рұқсат беріледі. Сырттай отырыстарда қаралатын сұрақтар саны азайтылуы тиіс.

83. Қоғамның директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беру отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, Қоғамның директорлар Кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшысының қолы қойылуы тиіс және белгіленген мерзімде алған бюллетеньдерде кворум болған кезде жарамды болып есептеледі.

Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде, осы шешімнің қабылдануы негізделген бюллетендерді тіркеуімен ол Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек.

Дауыс берудің нәтижесіне әсер ету мақсатында Қоғамның директорлар Кеңесінің тандаулы бөліктеріне бағытталған дауыс беру бюллетендері жіберілмейді. Дауыс беру бюллетендері Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелеріне 10 (он) жұмыс күнінен кешікпей Қоғамның директорлар Кеңесінің сырттай отырысының күніне дейін жіберілуі тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетенінде:

- 1) Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай дауыс беруді шақырушысының бастамасы туралы мәлімет;
- 3) Қоғамның директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беруге бюллетендерді ұсыну уақыты және соңғы күні;
- 4) Қоғамның директорлар Кеңесінің (дауыс санау) сырттай отырысын өткізу уақыты және күні;
- 5) күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша «жақтау», «қарсы», «қалыс қалу» сөздерінің нұсқаларымен;
- 6) Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерінің ынтасы бойынша өзге мәліметтерді мазмұндауға орын болу керек.

Сырттай дауыс беру бюллетені Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшесімен қол қойылуы керек.

Қоғамның директорлар Кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетені заңсыз болып саналады.

Дауысты санау кезінде Директорлар кеңесі мүшесімен дауыс берудің мүмкін варианттарының бірі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыс беру нұсқасы есепке алынады.

84. Қоғамның Директорлар кеңесі ішкі тәртіппен өткізілген отырысында қабылдаған шешімдері отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде жасалып, отырысқа төрағалық жасаған адам, отырысқа қатысқан Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері және Қоғамның корпоративтік хатшысы қол қойған хаттамамен ресімделеді. Хаттамада көрсетілетін міндетті мәліметтер тізімдемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

85. Қоғамның директорлар Кеңесі тек қана Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелерінің қатысуымен өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

86. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Қоғамның директорлар Кеңесі отырысының хаттамалары мен Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

87. Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғамның директорлар Кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Қоғамның директорлар Кеңесі отырысының хаттамалары мен Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдерін Қоғам мөрі басылған және Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қол қойылып расталған хаттама мен шешімдердің көшірмесін танысу үшін беруі тиіс.

88. Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұзып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшесі сот тәртібінде даулауға құқылы.

89. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның директорлар Кеңесінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын және осы Жарғыдағы талаптарды бұзып қабылдаған шешімін, егер ол шешім Қоғамның және (немесе) Қоғамның Жалғыз акционерінің заңды мүддесі мен құқығы бұзылса сотта даулауға құқылы.

#### **14-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ**

90. Қоғам Басқармасы Қоғамның алқалық атқарушы органы болып табылады, ол Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне кіретін мәселелерден басқа, оның ағымдағы қызметінің барлық мәселелерін шешеді және өзіне жүктелген міндеттерді орындауға Қоғамның директорлар Кеңесі мен Қоғамның Жалғыз акционері алдында жауапты болады.

91. Қоғам Басқармасы мүшесімен өзге тұлғаға дауыс беру құқығын беру, соның ішінде басқа Қоғам Басқармасының мүшесіне жіберілмейді.

92. Қоғам Басқармасы Қоғамның Жалғыз акционері және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

93. Қоғам Басқармасының сандық құрамы Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімімен анықталады, ол кемінде 3 (үш) мүшеден құралады.

Қоғам Басқармасы мүшелерінің өкілеттік мерзімін Қоғамның директорлар кеңесі белгілейді және келесі қайта сайлау құқығымен ол 3 (үш) жылдан аспауы керек.

Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімі жаңа Басқарма құрамы сайланғанда аяқталады.

94. Қоғам Басқармасының мүшесі Қоғамның директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істей алады.

95. Қоғам Басқармасының Төрағасы атқарушы органның басшы лауазымын немесе басқа тұлғаның атқарушы органның қызметін іске асыратын тұлға ретінде атқаруға құқылы емес.

96. Қоғам Басқармасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, сондай-ақ олардың әрқайсысының Қоғаммен жасалатын жеке еңбек шартында және Қоғамның ішкі құжаттарында анықталады.

97. Қоғамның Басқарма Төрағасымен еңбек шартын Қоғам атынан Қоғам Басқармасының төрағасы немесе Қоғамның Жалғыз акционері өкілеттеген өзге тұлға жасайды. Қоғам Басқармасының басқа мүшелерімен жеке еңбек шарты Қоғам Басқармасы Төрағасымен жасалады.

*98 тармаққа «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (2016 жылғы 27 маусымдағы № 25/16 шешімі)*

98. Қоғамның құзыретіне Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасаудың мынадай мәселелері жатады:

1) Қоғамның директорлар Кеңесі бекіткен Қоғамның орталық аппараты, Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлері мен құрылым штаты (штат саны) ескерілген Қоғам штат кестесі мен Қоғамның құрылымын бекіту;

2) Қоғамның даму стратегиясын директорлар кеңесінің қарастыруына шығару және мақұлдау;

3) Қоғамның даму стратегиясын іске асыру, Қоғамның даму Жоспары, Қоғам қызметінің шешімді көрсеткіштеріне қол жеткізу және Қоғамның директорлар Кеңесімен бекітілген олардың мақсаттылы мағыналары, Қоғамның даму Жоспары шеңберінде (нақтыланған) Қоғамның (нақтыланған) бюджетін бекіту;

4) Қоғамның әкімшілік және басқару қызметкерлерінің лауазымдық айлықақы сызбасын және еңбек төлемі туралы ережені бекіту (Қоғам Басқармасы мүшелері, Қоғамның Ішкі аудит қызметі, Қоғамның корпоративтік хатшысынан басқа);

5) Қоғам Басқармасы мүшелерімен жұмыста біріге атқаруды алдын ала қолдау;

6) Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау рәсімдерін әзірлеу және қолдану;

7) Қоғамда тәуекелдерді басқару жүйесінің біршама кемшіліктері туралы Қоғамның директорлар кеңесіне уақтылы хабарлау;

8) Директорлар кеңесінің немесе Жалғыз акционердің құзыретіне жатпайтын Қоғамның ағымдағы қызметі мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту және олардың орындалуына бақылау жасау;

9) Қоғамның шұғыл қызметіне басшылық ету, Қоғамның директорлар Кеңесі, Жалғыз акционер шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

10) Қазақстан Республикасы аумағында Қоғам өкілеттілігі және филиалдарды құру және жабу туралы шешім қабылдау, сонымен қатар олар туралы ережені бекіту;

11) баспа басылымдарында жылдық қаржылық есептілікті, акцияларды сатып алу туралы Қоғамның ұсыныстарын, ірі мәмлелер жасасу туралы мәліметтерді және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа деректемелерді жариялау;

12) ішкі (қызметтік) ақпараттардың сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;

13) Қоғамның директорлар Кеңесінің, Қоғамның Жалғыз акционері шешімдерінің, жылдық қаржылық есептіліктің аудит жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ұсыныстарының, сондай-ақ, Қоғамның ішкі аудит Қызметі ұсыныстарының орындалуын қамтамасыз ету;

14) Қоғамның директорлар Кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді әзірлеу және бекітуге ұсыну;

15) Қоғамның директорлар Кеңесіне Қоғамның дивидендтік саясатына қатысты ұсыныстар дайындығы бойынша, өткен есептік қаржы жылына Қоғамның таза кірісін үлестіру тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлемі мен бір жай акциясына есебімен дивиденд мөлшерін анықтауды қарастыру, қолдау және ұсыну;

16) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту үшін Қоғамның директорлар Кеңесіне дайындығы және ұсынымы;

Бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті дайындау және ұсыну;

17) Қоғаммен мәмлени бекіту немесе өзара байланысты мәмлелер жиынтығын бекіту туралы шешім қабылдау, нәтижесінде Қоғаммен алынады немесе адаланады (мүмкін алынады немесе адаланады), Қоғам активтерінің жалпы мөлшер құнынан екіден жоғары немесе оннан төмен пайыз құнын құрайды, осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Басқарма Төрағасының қабылданатын мәмлелерден тыс;

18) жүзеге асуында Қоғаммен мүдделі ұйымдар арасында мәмлелерді бекіту тәртібіне сәйкес, Қоғамның Жалғыз акционері тобына кіретін, іске асуында Қазақстан Республикасы Заңымен ерекше шарттар белгіленген мәмлелерге қатысты бекіту туралы шешім қабылдау;

19) Қоғам бюджеті шеңберінде өз қызметтерін толыққанды атқару үшін Қоғамның директорлар Кеңесін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;

20) Қоғамның директорлар Кеңесінің регламенттік құжатына сәйкес, корпоративтік дау-дамайлар мен мүдде дау-дамайларын реттеуге қатысу және оның мониторингісі;

21) Қоғамның директорлар Кеңесімен бекітілген шығындар жоспары шеңберінде Қоғаммен демеушілік және қайырымдылық көмегін көрсету туралы шешім қабылдау;

22) Қоғам меншіктілігіне қатысты құқықтық емес әрекеттер, шарттар мен себептерді анықтау жұмыстарын ұйымдастыру;

23) Қоғам акциялары төлеміне берілген мүліктің нарықтық құны бағасы бойынша бағалаушы қызметінің төлем мөлшерін анықтау;

24) Коммерциялық, қызметтік және басқа да заң құпиясын қорғайтын Қоғам туралы ақпараттарды анықтау;

25) Меншікті капиталдың он және одан жоғары пайызын құрайтын, Қоғам міндеттерінің шамаға ұлғайтылуы;

26) он және одан да көп акциясы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің жалпы жиналысының құзырына жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

а) акционерлік қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе акционерлік қоғамдардан тыс оның жаңа редакцияда бекітілуі, осы Жарғының 13 бөлімі, 62 тармағы, 30 тармақшасына сәйкес, Қоғамның директорлар Кеңесімен өндірілетін Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

б) Корпоративтік басқару Кодексін бекіту, сондай-ақ, өзгертулер мен толықтырулар, егер аталған Кодекстің қабылдануы қоғам Жарғысымен қарастырылған жағдайда ғана енгізілсін;

в) есептік комиссияның сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

г) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

д) жылдық қаржылық есеп беруді бекіту;

е) есептік қаржылық жылға қоғамның таза кірісін үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлемі туралы шешім шығару және қоғамның бір жай акциясына есебімен дивиденд мөлшерін бекіту;

ж) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

- з) Қоғам акцияларының ерікті делистингісі туралы шешім шығару;
- и) қоғам акционерлерімен жалпы жиналысқа шақыру туралы хабарлама формасын анықтау және мұндай ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында жайғастыру туралы шешім қабылдау;
- к) әдістемеге өзгертулерді бекіту (әдістемені бекіту, егер ол құрылтай жиналысымен бекітілген болса) осы Заңға сәйкес, ұйымдаспаған нарықта қоғаммен сатып алынуда акциялар құнын анықтау;
- л) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- м) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау, егер сондай тәртіп қоғам жарғысымен анықталмаған болса;
- н) заңмен жатқызылған және (немесе) акционерлердің жалпы жиналысы құзырына қоғам жарғысымен шешілетін өзге де мәселелер жатады.
  
- о) серіктестік Жарғысын өзгерту, оның жарғылық капитал мөлшерінің өзгергенін қоса алғанда, орналасқан жері мен фирмалық атауы немесе серіктестіктерден тыс жаңа редакциядағы Жарғының бекітілуі, осы Жарғының 13 бабы 62 тармағы 30 тармақшасына сәйкес, Қоғамның директорлар Кеңесімен өндірілетін Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- п) ішкі тәртіпті бекіту, серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды және өзге де құжаттарды қабылдау үрдістері, серіктестік жарғысымен серіктестіктің өзге органдары құзырына жатқызылатын құжаттардан тыс;
  
- р) тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімін бекіту;
- с) Қазақстан Республикасының «Шектеулі және қосымша жауапкершілік серіктестігі туралы» Заңының 34 бабына сәйкес, серіктестік қатысушысынан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешімі;
- т) серіктестік қатысушыларына және серіктестік қызметі туралы алушыларға ақпарат үлестерінің тәртібін бекіту және мерзімдерін ұсыну;
- у) Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзырына жатқызылмайтын өзге де мәселелер;
- 27) Қоғамның Жалғыз акционері немесе Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзырына жататын сұрақтардан тыс, өзге де мәселелер.

99. Қоғам Басқармасы жүйелі отырыстар өткізеді. Қоғам Басқармасының мүшелері отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша уақтылы ақпарат алады. Бұл ретте Басқарма өзінің отырыстарын ашық дауыс беру түрінде өткізеді. Сырттай дауыс беру түрі Басқарма туралы ережеде айтылған айрықша жағдайларда ғана жіберіледі.

100. Егер Басқарма мүшелерінің кем дегенде жартысы оның отырысына қатысса, онда Басқарма шешім қабылдауға құқылы.

101. Басқарма шешімдері Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыс берумен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

102. Қоғам Басқармасының қарауына мәселелерді енгізу құқығы Қоғамның Басқарма төрағасына және Қоғам Басқармасының мүшелеріне беріледі.

103. Қоғам Басқармасының Төрағасы Қоғамның бірінші басшысы болып табылады және Қоғамның қызметін жүзеге асырады.

104. Қоғам Басқармасының төрағасы Қоғамның Жалғыз акционерінің лауазымына сайланады.

105. Қоғам Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалған жағдайда, өз өкілеттіктерін Қоғамның директорлар Кеңесінде жүзеге асырғаны үшін сыйақы алмайды.

106. Қоғам Басқармасы Қоғамның тиімді жұмысына Қоғам қызметкерлерінің қызығушылық атмосферасын тудыру жағдайын жасау керек, әрбір қызметкер Қоғамдағы өз жұмысын қадірлеуі тиіс, Қоғам жұмысының нәтижесінен оның материалдық жағдайы байланысты екенін түсіну керек.

107. Қоғам Басқармасы Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жауапкершілік тартады және ішкі (қызметтік) ақпараттың қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

108. Қоғам Басқармасы Қоғамның директорлар Кеңесімен немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің алға қойған мақсаттарын іске асыру үшін адам және қаржы ресурстарын бөлгенге жауапты.

109. Қоғам Басқармасының Төрағасы:

1) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) Басқарма Төрағасы өзі болмаған жағдайда өз міндеттерінің орындалуын Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

3) Қоғам барлық қызметкерлері орындауға міндетті, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғамның Жалғыз акционері шешімдерінің орындалуын бақылау бойынша Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты бұйрықтар шығарады;

4) Қоғамның ішкі тәртібін реттейтін құжаттарды бекітеді;

5) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің ережесін бекітеді;

6) Қоғамның қаржы есебі аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым кеңестерін орындауды қамтамасыз етеді.

7) Қоғамның ішкі аудит Қызметінің кеңестерін орындауды қамтамасыз етеді;

8) Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдері туралы Басқарма мүшелерін ақпараттандыруды қамтамасыз етеді;

9) Басқарма жұмысын, Басқарма отырысының шақырылымын ұйымдастырады және оның қарауына қажетті материалдарды ұсынады;



10) Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғам Жарғысының тәртібі бойынша және Қоғамның директорлар Кеңесі немесе Қоғамның Жалғыз акционер шешімдеріне сәйкес Қоғам мүлігі мен құралдарын пайдаланады;

11) Қоғамның қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (заңнамада және Қоғамның Жарғысында белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шаралары және тәртіптік жазалар қолданады; Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес еңбекақы төлеу қорының шегінде Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

12) Қоғам атынан Қоғам қызметкерлерімен, оның ішінде белгіленген тәртіппен Қоғам Басқармасының мүшелерімен, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен, Қоғамның Корпоративтік хатшысымен еңбек шарттарын жасасады және оны бұзады;

13) Қоғам қызметкерлерін кәсіби даярлау және қайта даярлау туралы мәселелерді шешеді, олардың міндеттерін, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің арасында жауапкершілік пен өкілеттілік саласында міндеттерді бөледі;

14) Қоғам атынан ұсыну құқығына сенімхат береді;

15) Қоғам Басқармасы Төрағасының және оның орынбасарларының шетелдік іссапарлары Қоғамның директорлар Кеңесінің Төрағасымен келіседі;

16) мүліктік емес сипаттағы мәмілелер және нәтижесінде құны Қоғамның меншік капиталы мөлшерінде 2 пайызына дейін болатын мүлік сатып алатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алу немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелер жасайды;

17) Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның директорлар Кеңесіне белгіленген мерзімде және нысанда келесі есептерді ұсынады:

- Қоғамның еншілес, тәуелді және бірігіп-бақыланатын ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есебі;

- Қоғамның даму жоспарының орындалуы туралы есеп;

- жарты жылдық – еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарды басқару туралы, еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Қоғам қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы;

18) осы Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұл органдардың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесі және (немесе) Қоғамның Жалғыз акционерімен оған берілген, басқа да өкілдіктерді жүзеге асырады;

110. Қоғамның Басқарма Төрағасы өзі болмаған кезде міндеттемелерін Басқарма мүшесінің біреуіне жүктейді.

## **15-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ**

111. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау саласында бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқару саласында құжаттарды орындауды және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыру үшін, Ішкі аудит қызметі құрылады. Қоғамның ішкі аудит Қызметінің қызметкерлері Қоғамның директорлар Кеңесі мен Қоғам Басқармасының құрамынан сайланбайды.

112. Қоғамның ішкі аудит Қызметі тікелей Қоғамның директорлар Кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді. Қоғамның ішкі аудит Қызметіне басшылық жасауды Қоғамның директорлар Кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Қоғамның ішкі аудит Қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауаптылығы және оның жұмыс тәртібі Қоғамның директорлар Кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі аудит Қызметі туралы Ережеде анықталады.

113. Қоғамның директорлар Кеңесі белгілеген тәртіпте Қоғамның ішкі аудит Қызметі:

1) Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат ұсынады;

2) бағалауды жүргізеді, жүйелендірілген және тізбекті ыңғайды пайдалана отырып, тәуекелдерді басқаруды, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге мүмкіндік жасап, кеңес береді;

3) Қоғамның ішкі аудит Қызметі туралы Ережесіне сәйкес өз құзыретіне кіретін басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Қоғамның ішкі аудит Қызметінің басшысы мен қызметкерлері Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімімен лауазымға тағайындалады.

Қоғамның ішкі аудит Қызметінің тиімділігін бағалау Аудит жөніндегі Комитет ұсыныстарын есепке алып, Қоғамның директорлар Кеңесімен жүзеге асырылады.

114. Қоғам мен Қоғамның ішкі аудит Қызметінің қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес реттеледі.

## **16-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫСЫ**

115. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысын дайындау мен бақылауды, Қоғамның директорлар Кеңесінің отырысына материалдар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, олармен қолдануды қамтамасыз етудің бақылауын жүргізеді, Қоғамның лауазымдық тұлға және органдарымен Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесі мен құқығын қамтамасыз етуге бағытталған және де Қоғам мен корпоративтік басқарма саласындағы заңнаманың қағидалары мен ережелеріне, осы Жарғының ережелеріне және басқа да Қоғамның ішкі құжаттарының қолдануын сақтауды қамтамасыз етеді.

116. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның директорлар Кеңесінің немесе Қоғам Басқармасының мүшесі болмайтын Қоғамның қызметкері болып табылады.

117. Қоғамның Корпоративтік хатшысы лауазымына Қоғамның директорлар Кеңесімен тағайындалады және босатылады және Қоғамның директорлар Кеңесіне есеп береді.

118. Қоғамның Корпоративтік хатшысының міндеттері, қызметі және мәртебесі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

## **17-бөлім. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТКЕРІ**

119. Қоғам Заңнаманың және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, дербес өз қызметін кадрлармен қамтамасыз етудің барлық мәселелерін шешеді, жұмыс аптасы мен жұмыс күнінің мерзімін, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек және басқа да демалыстардың тәртібін және мөлшерін белгілейді.

120. Қоғам қызметкерлерінің әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелерін Қоғамның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешеді.

121. Қоғамның лауазымдық тұлғалары тура немесе жанама мүдделіктері бар (үшінші тұлға арқылы) сұрақтар бойынша шешім қабылдауға қатыспау керек. Мүдделілігі бар мәлімет Қоғамның директорлар Кеңесінің төрағасына уақтылы жеткізілуі керек.

122. Қоғамның лауазымдық тұлғалары қызметінің қағидаттары.

Қоғамның лауазымдық тұлғалары:

1) оларға жүктелген міндеттерді адал атқарады және Қоғам мен Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделігін білдіретін тәсілдерді қолданады;

2) Қоғамның мүлігін қолданбау керек және оның қолдануын Жарғы мен Жалғыз акционердің шешімі және Қоғамның директорлар Кеңесінің қайшылық келтіріп қолдануды жібермеу және де өзінің жеке мақсаттарына, аффилиирленген тұлғалармен мәміле жасаған кезде қиянаттанбауға;

3) бухгалтерлік есеп жүйесінің және қаржылық есептіліктің бүтіндігін, тәуелсіз аудиттің өткізілуін қоса қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашып беруді және ұсынуды бақылайды;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпарат құпиялылығын, оның ішінде егер өзгесі Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленбесе, Қоғамда жұмыс істеуді тоқтату сәтінен бастап үш жыл ішіндегі ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

123. Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелері міндетті:

1) Қоғам және оның Жалғыз акционердің мүдделігінде ашық, ақпараттандырылған негізде жеке еңбек шарттары, Қоғамның ішкі құжаттары мен осы Жарғыны, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әрекет етеді;

2) Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесіне әділ, корпоративтік мәселелер бойынша тәуелсіз, объективті ой талқылау;

Директорлар Кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері және Қоғамның басқа да басқарушы қызметкерлері Қоғамның директорлар Кеңесіне кірмеуі және/немесе бәсекелес-серіктестіктің атқарушы лауазымдарында болмауы керек.

124. Қоғамның лауазымдық тұлғалары Қоғам мен Қоғамның Жалғыз акционерінің алдында әрекеттерімен зиян келтіргені үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады, соның ішінде:

1) адастыру ақпаратын ұсынған не жалған ақпарат бергені үшін;

2) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзғаны үшін;

3) Қоғаммен мәміле жасау нәтижесінде олардың немесе олардың аффилиирленген тұлғаларының пайда табуы мақсатында, олардың жосықсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде Қоғамға залал келтіретін, мүдделілігі бар мәміле және (немесе) ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдау және (немесе) мәміле жасауды ұсыну.

Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңы мен осы Жарғыда көзделген жағдайларда, Қоғамның директорлар Кеңесі немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің ірі мәміле және (немесе) мәміле жасауда мүдделілігі бар шешім қабылдаса, мәміле жасауды ұсынған лауазымды тұлға немесе жосықсыз әрекет еткен немесе ол мүшесі болып табылатын Қоғам органы отырысында, сонымен қатар, оның немесе олардың афилиирленген тұлғаларының пайда табуы мақсатында әрекетсіздік көрсеткен, олардың орындалуы нәтижесінде Қоғамға залал келтіретін болса, лауазымды тұлға жауапкершіліктен босатылмайды.

125. Қоғам Қоғамның Жалғыз акционері шешімінің негізінде лауазымдық тұлғаға Қоғамға келтірген зиянды не шығынды өтеуге сотқа арыздануға құқылы.

Қоғамның лауазымдық тұлғалары Қоғамға шығын келтірген Қоғам органдарымен немесе Қоғамның Жалғыз акционерімен қабылданған шешімге қарсы дауыс берген жағдайда немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

## **18-бөлім. ІРІ МӘМЛЕЛЕР**

126. Ірі мәмле болып табылады:

1) Заң жүзінде ірі мәмле болып табылатын мәмле;

2) Қоғам активтері бағасының жалпы мөлшерінің он пайызынан асатын немесе мөлшері тең келетін ақшалай эквиваленттегі өзге мәмле.

127. Ірі мәмлени бекіту туралы шешімдер Қоғамның директорлар Кеңесімен қабылданады.

## **19-бөлім. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**

128. Басқарма мүшелері мен Қоғам бойынша басқа да іріктелген тұлғалар арасындағы Қоғам істері бойынша барлық даулар, Қоғамның жеке және заңды тұлғалармен даулары келіссөздер арқылы немесе сот тәртібімен шешіледі.

## **20-бөлім.**

### **ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ТАРАТУ ТӘРТІБІ**

129. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да негіздемелер бойынша сот шешімімен қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

130. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес реттеледі;

131. Бөлу немесе бөліп шығару арқылы Қоғамды қайта ұйымдастырған кезде қайта ұйымдастырылатын Қоғамның борышкерлері Қоғам болып табылатын міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуды және шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

Егер Қоғам қайта ұйымдастырылған кезде өз қызметін тоқтатса, оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен күшін жоюға жатқызылады.

## **21-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

132. Егер осы Жарғы ережелерінің біреуінің күші жойылды деп танылса, онда бұл қалған ережелердің қолданысына әсер етпейді.

133. Осы Жарғыға енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша ресімделеді, оған уәкілетті тұлғалар қол қояды және тіркеу үшін Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына беріледі және ол осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.

134. Осы Жарғыда көзделмеген қалған жағдайларда Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің ережелерін басшылыққа алынады.

135. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде, әр тілде үш данадан жасалған. Осы Жарғы даналарының әрқайсысы бірдей заң күшіне ие.

**22-бөлім. КҮШІНЕ ЕНУІ**

136. Осы Жарғы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

**«Павлодар әуежайы» АҚ  
Басқарма Төрағасы**

**В.И. Юдин**

**УТВЕРЖДЕН**

**Решением Единственного акционера**

**АО «Аэропорт Павлодар»**

**от «13» сентября 2012 года**

**(приказ № 37/12)**

## **У С Т А В**

### **АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА**

**«АЭРОПОРТ ПАВЛОДАР»**

*(по состоянию на «27» июня 2016 года)*

**г. Астана 2012 год**

## **Раздел 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

1. Настоящий Устав акционерного общества «Аэропорт Павлодар» (далее - Общество) разработан в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах», Законом Республики Казахстан «О Фонде национального благосостояния» и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также Кодексом корпоративного управления, и определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование Общества:

на государственном языке: «Павлодар Әуежайы» акционерлік қоғамы;

на русском языке: Акционерное общество «Аэропорт Павлодар»;

на английском языке: «Airport Pavlodar» Joint Stock Company.

Сокращенное наименование Общества:

на государственном языке: «Павлодар Әуежайы» АҚ;

на русском языке: АО «Аэропорт Павлодар»;

на английском языке: «Airport Pavlodar» JSC.

3. Место нахождения Общества (исполнительного органа Общества):  
Республика Казахстан, 140001, г. Павлодар, Аэропорт.

4. Срок деятельности Общества не ограничен.

## **Раздел 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА**

5. Общество является юридическим лицом, созданным в организационно-правовой форме акционерного общества и осуществляет свою деятельность в соответствии с настоящим Уставом, законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Общества.

Общество является правопреемником прав и обязанностей открытого акционерного общества «Аэропорт Павлодар».

6. Общество может открывать филиалы и представительства в Республике Казахстан и за рубежом, наделять их основными и оборотными средствами за счет собственного имущества и определять порядок их деятельности. Имущество филиала или представительства числится на балансе Общества.

7. Руководство деятельностью филиалов или представительств осуществляют лица, назначаемые председателем Правления Общества. Руководители филиалов и представительств действуют на основании доверенностей, выданных председателем Правления Общества.

8. Финансово-хозяйственная деятельность Общества осуществляется на основе имущественной, экономической и финансовой самостоятельности.

9. Общество обладает имуществом, обособленным от имущества своего Единственного акционера, и не отвечает по его обязательствам, равно как и



Единственный акционер Общества не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

10. Общество имеет самостоятельный баланс, печать с указанием своего наименования на государственном и русском языках.

11. Общество приобретает и осуществляет от своего имени имущественные и личные неимущественные права и несет обязанности, выступает истцом и ответчиком в судах, а также осуществляет другие действия, не противоречащие законодательству Республики Казахстан. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, открывать счета в банках и других финансовых организациях, расположенных на территории Республики Казахстан и за её пределами, как в национальной, так и в иностранной валюте.

12. Общество имеет свой товарный знак и символику, зарегистрированные в установленном законодательством Республики Казахстан порядке, а также штампы на государственном, русском, и при необходимости на других языках, фирменные бланки и другие средства визуальной идентификации.

13. Общество приобрело статус юридического лица с момента его государственной регистрации.

14. Общество может выпускать ценные бумаги и размещать их, приобретать ценные бумаги, а также страховать свои финансовые риски через производные финансовые инструменты, в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.

15. Общество представляет в установленном порядке в уполномоченные государственные органы финансовую, налоговую и статистическую отчетность.

16. Общество несет ответственность за охрану окружающей среды от загрязнения и других вредных воздействий, возникающих в результате деятельности Общества.

17. Общество несет ответственность за охрану труда работников и пожарную безопасность объектов Общества.

### **Раздел 3. УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ОБЩЕСТВА**

18. Учредительным документом Общества является настоящий Устав.

19. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с настоящим Уставом в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

### **Раздел 4. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА**

20. Целями деятельности Общества являются:

1) обеспечение регулярного, безопасного и эффективного обслуживания воздушных судов, пассажиров, багажа, почты и грузов в соответствии с законодательством Республики Казахстан и международными стандартами;

2) получение дохода.

21. Для достижения указанных целей Общество осуществляет следующие виды деятельности:

1) планомерное и комплексное развитие инфраструктуры;

2) содержание в исправном состоянии сооружений, устройств и технических средств;

3) прием, выпуск и обслуживание гражданских воздушных судов, пассажиров, обработка багажа, грузов, почты, их досмотр и контроль;

4) содержание, ремонт и эксплуатация объектов аэродрома, аэропорта, аэронавигации;

5) обеспечение авиационной безопасности аэропорта, обеспечение контрольно-пропускного режима в контролируемой зоне и их противопожарное обеспечение;

6) светотехническое обеспечение полетов гражданских воздушных судов и энергоснабжение объектов аэропорта, аэродрома и аэронавигации;

